ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 19 желтоқсан № 5165-25-00-2/3497 іс Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы М.И. Оңласов, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен төмендегі талап қою бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Ұлттық ұлан «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығының – 5449 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«BEREKE TECHNICS» қоғамдық бірлестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2. Тұрақсыздық сомасын өндіру

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 223-226, 267-4 баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Қазақстан Республикасы Ұлттық ұлан «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығының – 5449 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесінің талап қоюы қанағаттандырылсын.

«BEREKE TECHNICS» қоғамдық бірлестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«BEREKE TECHNICS» қоғамдық бірлестігінен мемлекет пайдасына 11 572 (он бір мың бес жүз жетпіс екі) теңге тұрақсыздық айыппұл және 2 313 (екі мың үш жүз он үш) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Құжатқа қол қойылған: Оңласов М.И., 19.12.2025
Заңды күшіне енген күні: 26.01.2026, судья Оңласов М.И., 26.01.2026
5165-25-3-1/3446

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **М.И. Оңласов**

Құжатқа қол қойылған: Оңласов М.И., 19.12.2025

Заңды күшіне енген күні: 26.01.2026, судья Оңласов М.И., 26.01.2026

5165-25-3-1/3446